

МӘХДИ ФЕНОМЕНИ

¹Камалова Фәриде Болатқызы, ²Байтенова Нағима Жаулыбайқызы,

³Сайфунов Бауыржан Насырдинұлы

^{1,3}Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан, Қазақстан)

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

¹feride.kamalova@ayu.edu.kz, ²zhanat52@mail.ru, ³bsaifunov@gmail.com

¹Kamalova Feride, ²Baitenova Nagima, ³Saifunov Bauyrzhan

^{1,3}Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan)

²Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

¹feride.kamalova@ayu.edu.kz, ²zhanat52@mail.ru, ³bsaifunov@gmail.com

Аңдатпа. Мақала әр заманда қоғамда қызу резонанс тудырып келген Мәхди феномені хақында. Заман ақырға таяғанда «әлемде әділдік орнатады» делінетін құтқарушы мағынасындағы Мәсіх және Мәхди сенімі жалғыз ислам мәдениетінде ғана емес, бұл сенімнің иләһи діндерден басқа да көптеген діндерде, әсіресе иудаизм діні мен христиан дінінде де ерекше орны бар. Жер жүзіндегі мәдениеттер тұтастай өзіндік саф ерекшеліктерге ие болмайтыны сияқты, әлемдегі діндер де өміршеңдік кезеңінде басқа діндердің сенімдерінен әсерленетіні табиғи құбылыс. Бұдан түсінетініміз мейлі діни, мейлі мәдени болсын кез-келген құндылықтар қоғамда рухани бостық туған сәтте сол бостық сол кеңістіктің төл құндылықтарымен толмайтын болса, онда оның импорт өнімдермен толатынын тарихи тәжірибе көрсетуде. Мақалада тарихи кезеңдердегі діни сенім нәтижесінде пайда болған «болашақта адамзатты әділетсіздік пен дінсіздіктен құтқарады» делінетін Мәхди түсінігінің шығу себептеріне теологиялық талдау жасалады. Сондай-ақ бастауын Исламнан бұрынғы сан-қилы сенімдерден алатын, мұсылмандық үшін импорт құндылық саналатын бұл тенденция Ислам дінінің бірінші қайнар көзі негізінде салыстырмалы анализ әдісі қолданыла отырып зерделенеді. Мақалада Мәхди сенімі діни реңге бүрінген саяси құрал ретінде тұжырымдалады.

Түйін сөздер: Мәхди, құтқарушы, Мәсіх, ақырзаман, Ислам сенім негіздері.

Кіріспе

Мәхди сипаттамасы Ислам дінінде алғаш рет Хасан ибн Сәбиттің жырларында Мұхаммед Пайғамбарға, сосын әділетті төрт Халифаға, кейінірек Құсейн ибн Әлиге қарата айтылғанын көреміз. Бұл кездегі «Мәхди» түсінігінің мағынасы «дұрыс жолды көрсетуші, халықты туралыққа бастаушы жолбасшы» мағынасында қолданылған. Сондай-ақ бұл термин Омеяд әулетінен шыққан билеушілерге де қолданылған

болатын. Бірақ бұл сипаттаулар сөздік мағынада, көшбасшы адамдарға Хақ жолды көрсетуші тұлға ретінде ғана қолданылған еді. Негізінде «бір Құтқарушы шығады» деген сенім исламнан бұрынғы діндерде де кейбір діни наным-сенімдерде де кездесетін. Мәхди сөзін сенім тақырыбына айналдыру, яғни ақида алаңына сүйреу процесі мұсылмандар арасында Хз. Әлидің қазасынан соң, дереу басталған көрінеді. Тарихта болған болмағаны нақты белгісіз Абдулла ибн Сәбә есімді біреудің ізбасарлары Хз. Әлидің өлмегенін, оның қиямет қайым орнамастан бұрын қайтадан мұсылман қауымның арасына шығып, зұлымдық жайлаған әлемде әділеттілік орнатады – деген сенімді таратты. Алайда, Мәхди сенімінің хз. Құсейн Кербалада шейіт болғаннан кейін, «Ка’б әл-Ахбардың Ислам дініне Яһудиліктен кіргізді» деген риуаяттардың әсерінен шыққанын және халифтік Хз.Әли ұрпақтарына тиесілі құқық екенін насихаттайтын Омеядтарға қарсы мүдделі топтардың арасында өте қарқынды тарала бастағанын көруге болады. Пайғамбар заманынан бастау алған қарапайым ғана жолкөрсетуші мағынасындағы ұғымның қазіргі уақытта саяси сипатқа айналып бара жатқандығын байқауға болады. Бұл дегеніміз қарапайым ұғымдардың уақыт өте келе діни сенімдік тіпті саяси сенімдік сипатқа таситынмағынаға ие болатынын білдіреді. Асылында, Ислам сенімі бойынша Жаратқанның алдында біреу үшін біреу жауапты емес. Хақ алдында әркім өз қарекетіне өзі жауапты /Құран, Әнғам 164/.

Қазіргі таңда «Мәхди шығады» деген түсінік әлемді шарлап кетті. Топырақ жатқан тариқаттар, ағымдар «Мәхдиді» өз тобынан шығады деп күтуде. Тіпті, соңғы 15 жылда тариқат лидерлері жыл сайын қажылыққа барады. Жүрген жерлерінде «Мәхдидің әскерімін» деген діндарлар да қоғамда өз құтқарушысын күтуде. Украиналық «Аллатра» діни қозғалысының лидері Игорь Михайлович Данилов деген азамат барлық діндегі күтіп жүрген «Құтқарушы» бір өзі екенін де жариялап тастады. Бұл құбылыстардың діни лидерлердің Мәхди тұлғасын саяси мақсатта қолдана бастағанын көруге болады. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі таңдағы діни саланың өзекті тақырыбы ретінде терең бойлауға негіз бар. Өзірге зерттеу жұмысымыз жүйелі бағытта дамуы үшін мақаламызда Мәхди түсінігінің шығу себептеріне дінтанулық талдау жасаумен ғана шектелдік. Мақалада әр заманда қоғамда қызу резонанс тудырып келген Мәхди тұлғасының әр діндердегі орнына қысқаша тарихи шолу жасалады. Сондай-ақ исламнан бұрынғы дәуірлердегі қоғамның рухани сұраныстарын қанағаттандырып келген әртүрлі сипаттағы құтқарушы тұлғасына, сондай-ақ Мәхди түсінігінің шығу себептеріне дінтанулық талдау жасалады. «Мәхди түсінігіндегі діндарлардың қоғамға ықпалы», «Мәхди сенімінің психологиялық әсерлері» сияқты тақырыптар зерттеуіміздің шегінен асатын болғандықтан келесі зерттеу нысаны ретінде кейінге шегеруге мәжбүр болдық. Алдағы уақытта бұл түсініктің әртүрлі қырларына байланысты зерттеу жұмыстарымызды жариялайтын боламыз.

Әдіснамасы

Адам баласының діни сенімі Адам атамыз жаралған кезден бастау алған. Діни сенімдер адам баласымен бірге қабірге кіргенше жасай береді. Алайда, діни сенімдер арнайы діни тәжірибесі жоқ және арнайы діни білім алмаған, әрі діни түсінігі жоқ азаматтар үшін аса қауіпті. Діни білім негізінде конфессионалдық және академиялық болып бөлінеді: 1) Конфессионалдық білім түрі қандай да бір діни жамағаттан, қандай да бір діни оқу орындарынан білім алған азаматтардың алған біліміне айтылады. Мәселен, ислами оқу орнындарында, медреселерде білім алып шыққан кез-келген азамат үшін ислам атына кір келтіртпеу, оны қаралауға жол бермей қорғау, момынның борышы һәм парызы. Сол сияқты иудаизм, христиан, буддизм, конфуцизм, даосизм тағы басқа сол іспеттес қандай да бір діни оқу орындарында білім алған азаматтардың да өз дінін, өз дінінің өкілдерінің кемшіліктерін жасырып, жақсылықтарын асыруы қалыпты жағдай. Себебі, конфессионалдық білімнің әдіснамасы өз ұстаған дінінің сенімдік һәм құқықтық қағидаттарын қорғауға негізделеді. 2) Академиялық білімнің талабы әрі әдісі тіптен басқаша. Ол нақты деректер негізіндегі ғылыми танымға және де ақылға негізделеді. Бүркемелеу, жалтарыну жоқ. Талабы: ақты ақ, қараны қара деу. Ғылыми таным – құбылыстарға, оқиғаларға объективті, яғни тарапсыз әдіснаманы башылыққа алып тұжырым жасауды талап етеді. Деректерге сүйену басты мәселе, қандай пікір айтсаңыз да дәлеліңіз бар ма? Яғни жан-жақты объективті болу қажет, біржақты пікірге жол жоқ.

Бұл жұмыста қарастырылғантақырып негізгі Ислам ғылымдарында кеңінен қолданылатын дереккөздердегі мәліметтерді сыни талдау, тұлға төңірегінде тереңдеу және салыстырмалы талдау әдістерін қолдану арқылы зерттеледі. Сонымен қатар Мәхди сенімінің Исламның негізгі қайнарларында көрсетілген Ислам сенім негіздерімен сәйкессіздігіне талдау жүргізіледі.

«Мәхди» ұғымы туралы

«Мәхди» ұғымы сөздік мағынасы бойынша тамырын араб тілінен алады. Арабша «һәдә, хидаят», қазақша «дұрыс жолды табу, жол көрсету, бағыттаушы болу, тура жолға салынған, өзіне тура жол көрсетілген адам» деген мағынаны білдіреді [1, 8 б.]. Болашақта келетін бір Құтқарушы (Мәсіх, Мәхди) сенімі ескі діндерде де, әлемдік діндерде де кездеседі. Бұл сенім тарихтағы және күніміздегі кейбір діни-саяси ағымдардың рухани күш-қуатының көзі. Аталмыш ұғымның «ақыр заман, билік, рухани жаңару және құтқарушылық» сияқты негізгі белгілері өзгермесе де, орналасқан георафиялық мекендеріндегі салтанат құрушы діндер мен мәдениеттердің сипатына сай өзгеріске ене береді [2, 369 б.]. «Мәхди» сөзі, асылында Тәуратта кездесетін «Мәсіх» сөзінің арабша баламасы. Тәураттағы «Мәсіх» сөзінің сөздік мағынасы «тура жол, хақ болған, жіберілген, жолданған, Құдай бекіткен» деген түсініктерге ие [3, 266 б.]. Еуропалық зерттеушілер, Жаңа Гви-

нея халықтарындағы Құтқарушылық қарекеттер үшін «Карго культін/kargo», Солтүстік Америка тұрғындарындағы Құтқарушылық қозғалыстары үшін «Кветзалкоатль/Quetzalcoatl» деген терминді қолданғанын жазады [4, 32 б.]. Ежелгі Америкалық астиктерде құтқарушы Quetzalcoatl (мағынасы, жасыл түсті қанатты жылан) болса, мая тайпаларында мұның баламасы «Кукулкан» болды [5, 39 б.]. Ал Ежелгі мысырлықтар болса, өз Мәхдилерін «Амен» деп атады [6, 99 б.]. Бұл тұлғаға индуизмде «Калки/Kalki» десе [7, 9 б.], буддизмде «Майтрея, Митрея, Меттая» дейді [8, 57 б.]. Зороастризмде «Саошьянт» [9, 192 б.] десе, яһудилер мен христиандар «Мәсіх» сөзін қолданады [10, 67 б.].

Өртүрлі мәдениеттермен діндердегі таным бойынша, Мәхди-ақырзаманда яғни дүниенің жоқ болатын уақытына жақын қалған кезеңде Құдай тарапынан жіберілетін және жер жүзінің билігін қолына алатын билеуші һәм діни жетекші, кейбір діндерде адамдарға жол көрсететін пайғамбар немесе индуизмде адам сипатындағы бір Құдай [11, 520 б.].

Мәхди түсінігінің пайда болуы. Діни сипаттағы Құтқарушы (Тура жол көрсетуші, азып-тозған қоғамда Әділеттілікті орнатушы тұлға) түсінігінің, яғни Мәхди түсінігінің тамыры мен қалыптасуы жайында Батыс зерттеушілері екі ұшты пікір айтады.

Бірінші көзқарас бойынша, Мәхди сенімі алғаш рет шумерлерде пайда болып, вавилондықтар мен мысырлықтарда дамыған және әлемге осы екі канал арқылы таралған [2, 369 б.]. Бұл көзқарас бойынша, Мәхди сенімінің алғашқы мысалдары, Саргон I Король – (б.з.д. 2350 ж.) және Хаммурапи (б.з.д. 1728-1686) кезінде пайда болған [12, 71 б.].

Екінші көзқарас бойынша, Мәхдиге деген сенім әр діннің өз ішіндегі тарихи, психологиялық және социологиялық жағдайларына байланысты қалыптасып дамыған. *Мысалы*, индуизм дініндегі Мәхдидің пайда болуына «Вишну Құдай болашақта Калки есімді үндінің сипатында келеді» деген сенімі негіз болған, ал исламдағы Мәхди түсінігінің пайда болуы әділетті төрт халифа дәуірінен кейінгі өзара соғыстардың тарихи, саяси және әлеуметтік-психологиялық әсерлері себеп болған [12, 72-73 б.].

Діндердің көпшілігінде бір құтқарушы келіп, адамзаттың материалдық және рухани қиындықтарын шешіп, әлеуметтік және діни өмірді кемелдікке жеткізеді деген сенім бар. Келетіні күтілген идеал заманның ұзақтығы мен нақты уақыты әр дін өкілдерінің қызығушылығын тудырып, бас ауруына айналған бір тақырып. Жалпы, бұл процесс діндар адамның өмірінің соңына дейін болжана береді. Өмірінен мән таба алмаған діндарлар өз өмірін күз мезгілінің соңғы кезеңдерімен салыстырып, өмірім бұдан да нашарлап кете ма, деп үрейлі қорқыныш сезіміне бата түседі. Әр қоғамның қараңғылық кезеңі әлбетте, әлеуметтік және рухани өмірінің тоқырауы ретінде суреттеледі. *Мысалы*, ежелгі мысырлықтар: «Ніл өзені және көлдер құрғайды екен. Ондағы балықтар мен оның айналасындағы құстар жойылады екен. Күн адамдардан алыстап, күн сайын бір-ақ сағат көрініп, түс уақытының болғанын ешкім байқамайтын болады екен. Әлеуметтік апаттар күшейіп, елге көшпенділер, жат жұрттар басып кіріп, елдехаос басталады екен» деп сенген [13, 18 б.].

Заманақыр белгілері

Үнділерде, Мәхди келген кезде күн мен ай, Юпитер мен Тишья (ежелгі үнді мифологиясында Сириус жұлдызының аты) бір-бірімен қосылып кетеді. Индуизмде елге варварлар басып кіреді, шынайы дін ілімі жойылады, варварлық билеушілер халықты тонаудан басқа ештеңе ойламайды. Халықтың қымбат заттарын, әйелдері мен қыздарын тартып алады, тектіліктің жалғыз шарты бай болумен өлшенеді. Отбасылық қарым-қатынастар шытынайды, ешкім пәк қызға үйленбейді, әйелі еріне адалдық танытпайды, өз балаларын құрсағында жатқанда өлтіретін болады. Шаңырақты әйелдер басқарады, дүниеде олардың саны еркектерге қарағанда көбірек болады, ал жесірлер күйеуімен бірге өздерін өртеп жібермейді. Табиғаттың тәртібі де нашарлайды, жыл мезгілдерінің үйлесімі бұзылады, жаңбыр өз мезгілінде жаумайды, өзендер мен бұлақтар құрғайды. Заманақырда яғни ақырзаманда ағаштар шөпке айналады, ал адамдар аштық болып кетпесе екен деген үрейде болады. Индуизмдегі бұл бәлекеттердің бейнелеріне ұқсас белгілер зороастризм, иудаизм және басқа діндерде де кездеседі. Мәхди дәуірінің басталуы кейбір кездерде шектен тыс қияли оқиғалармен ерекше көріністерге ие.

Зороастризмде, құтқарушы келген кезде, 30 күн, 30 түн аспанның ортасында айналмай тұрып қалады.

Христиандарда, Иса Мәсіх күндіз келеді. Сол кезде күн қарауытып кетеді. Күн, не күндізге не түнге ұқсамайды, ал түнде қараңғы болмайды. Бұл күні күтпеген бір суық болады, дереу артынша күтілмеген қатты ыстық болады [2, 369 б.].

Заманақыр болатын күн

«Заманның ақыры» деп аталатын осы бір ерекше уақыттың күнтізбелік есебін жасағандар да бар. Әр түрлі діндерде кездесетін бұл есептеулер қаншама рет дұрыс шықпай сенушілерді ренжітіп жатса да, мұндай сенімдер тар шеңберде болса да дін өкілдері арасында өміршеңдігін әлі жалғастырып келеді. *Мысалы*, ескі Шифалық риуаяттар бойынша, Мәхди 12-имам дүниеден озған соң, 60 күн, 60 ай немесе 60 жылдан кейін, Мұхиддин Ибн Араби риуаятына сай 1284 жылы, Иегова куәгерлерінің деректері бойынша, Мәсіх 1975 жылы шығуы керек болатын. Мұндай есептер басқа дінге сенушілер арасында да кең жайылған. Индуизмде, зороастризмде және христиандарда Мәхдилердің билік ету кезеңдері 1000-даған жыл деп есептелсе, Буддизмде оның салтанаты 84000 жылға созылады. Бұл процесске Иудаизм 40, 70 немесе 400 жыл қарастырған, ал Исламдық дереккөздерде 2 жыл мен 40 жыл аралығындағы әртүрлі сандар көрсетіледі [2, 369 б.].

Ахмет Ясауидің шәкірті Хәкім Сүлеймен Атаның «Ақырзаман» кітабында заманақырдың негізгі белгілері сипатталған. Мысалы, Дәжжәлдің шығуы, Мәхдидің келуі, Иса ғс.-нің көктен түсуі, Мәхди мен Иса ғс.-нің Дәжжәлді өлтіретіні, Яжуж-Мәжуждің шығып дүниені тас-талқан ететіні, Яжуж-Мәжуж

қауымын көктен бір құстар пайда болып, тас атып өлтіретіні жырланады. Жырланып жатқан оқиғаның назар аудартатын тұсы «Дәжжәлді 900 жылы Иса ғс. өлтіреді» – делінсе, «Яжуж-Мәжуж 915 жылы өлтіріледі» [29, 320-323 б.б.]. Хәкім Сүлейменнің 900 немесе 915 жыл деп отырғанын хижри жыл санағы деп алып, оған 622 жылды қоссақ, нәтиже миләди күнтізбесімен есептегенде 1522-1537 жылдар болады. Сонда Хәкім Ата сөз еткен заманақырдың негізгі белгілерінен саналатын Дәжжәл, Мәхди, Яжуж-Мәжуж оқиғалары шамамен осыдан 500 жыл бұрын болған. Хәкім Сүлейменнің «Ақырзаман» еңбегіне сүйенсек, Мәхди шығып, Дәжжәл талқандалып, Яжуж-Мәжуж қауымының көзі жойылған.

Діндердегі Мәхдилерге тән ерекшеліктер

Мәхдилерге тән ең негізгі ерекшелік, олар міндетті түрде сол діннің негізін қалаушының тұқымынан тарайды. Саошьянт Зәрдөштің, Мәсіх Дәуіттің, хз.Мәхдиде Мұхаммед Пайғамбардың тегінен болады. Бұлар, Сунни мұсылмандардағыдай болашақта шығатын немесе шиғалар сеніміндегідей әлі уәде етілген мерзімі келмейінше адамдардан жасырын жүруге тырысқан, заманының рухани жетілуін күтіп жүрген келешектегі діни тұлғалар. Түрлі халықтар арасындағы кең тараған діни сенім бойынша, хз.Иса бұл уақытты Тәңірінің оң жағында көктің төртінші қабатында күтіп отыр. *Мысалы*, Құдайдың инкарнация (Тәңірі болмысының адам тәнінде көрінуі) сенімі үстем болған индуизмдегі Мәхди – Калки, ол Вишну құдайдың аватары (Адам бейнесіндегі Құдай) болады. Калки, Югада (Үнділік уақыт циклі, дәуір, заман) ортаға шығады, ол Самбхала (Дели қаласынан шамамен 130 км) қаласында Яжнавалкья мэххабының брахман отбасында дүниеге келеді. Әкесінің аты Вишнуяшас, ал анасының аты Сумати немесе Вишнукирти болады. Жасына жеткенде, ол алдымен Цейлон патшасы Брахдраханың қызы Патмаватиге, артынша Бхаллата қаласының әкімі Шашидхваяның қызы Рамаға үйленеді. Патмаватиден, Яя және Вияя, Рамадан Мегламала және Валакаха есімді ұлдары туылады. Мыңжылдық ертегідегідей өмірден кейін ол Гималайға қылуатке кетеді де сол жерден көкке көтеріледі [2, 370 б.].

Түрлі діндердегі Мәхдидің туылу ғаламаты және Мәхди болмысына қатысты ерекшеліктер

Мәхдилердің дүниеге келуі де пайғамбарлардың туылуы сияқты ерекше оқиғаларға толы. Кветзалкоатль, Саошьянт және хз.Иса сияқты құтқарушылар еркек заты жоламай жүкті болған пәк қыз анадан туылады. Жаңа туылған сәбиге көктегі періштелер, ұлық тұлғалар, парасатты әулиелер қонаққа келеді. Нәрестелер мұғжизалар көрсетеді. *Мысалы*, Буддистердің сенімі бойынша, Майтреяның анасы Брахмавати жүктіліктің оныншы айында бір гүл бағына барып, сол жерде гүлдеп тұрған ағаштың жанында тұрғанда Майтреяны еш ауыртпалықсыз босанады. Майтрея анасының жатыр қуысы арқылы

емес, құрсағының оң жағынан, бейне бір бұлттар арасынан күн шыққандай шығады. Оның денесі ана денесінің кірімен ластанбайды. Оның нұры түм әлемге сәулесін шашады, бірден жеті қадам жасайды, аяғы тиген жерлерден маржандай лотос гүлдері бүр жарып шығады. Мәхдилердің болмысы да әдеттегі адамдардан өзгеше артық сипаттармен көмкерулі. Олар, айырықша Құдай нұрынан нәр алғандар, әрі ерекше мейірімге ие. Негізінен, болмыстары өздерінің дінінің негізін қалаған тұлғаға өте ұқсайды. Олар қателік жасамайды, қалаған кезде мұғжиза көрсетеді, заманының қару-жарақ технологиясының білгірі, өздеріне жат діндердің киелі кітаптарын да терең біледі. Жаңа бір мәселеге тап болған кезде, Құдайдан аян келеді, илһам беріледі.

Конфуцийліктегі Мәхди – Ұлы Тао. Конфуцийліктегі Мәхди қытай мәдениетінің ерекшеліктеріне ие. Ол Ұлық бір әулие, ғаламдағы барлық нәрсені естиді, көреді және біледі. Оның жүрегі кең, жомарт, жұмсақ мінезді. Ол көк аспан секілді жаратылыс, хақиқатпен тұтасып кеткен. Аспан – оның өрнегі. Ұстазы ақиқат. Ол қаласа, өзін кез-келген затқа айналдыра алады. Оның рухы аспан-жерді толтырып, ғаламды тұтас қамтып тұр. Оның қайдан келгені, қайда кететіні белгісіз. Ол сондай Ұлық, одан тыс ешбір нәрсе жоқ, ол – Ұлы Тао уахи тасушы.

Зороастризмдегі Мәхди – Саоцянт. Тәңірілері Ахура-Мазданың алғашқы жаратқандарының бірі, өлмейтін киелі жан. Ол рухани азықтармен өмір сүреді. Оның тәні күн сияқты нұр шашып тұрады. Ол ерекше күшке ие және айналасын алты көзбен көреді.

Яһудилердегі Мәхди – Мешиха. Яһудилер өздерінің Мәхдиінің хз. Дәуіттің әулетінен шығатынына, зәйтүн майымен майланғандықтан қасиетті күшке ие екеніне, Құдай қамқорлығының арқасында күнә жасамайды деп сенеді. Мешиханың басқалардан ерекшелігі – ол Құдайдың жердегі өкілі, Құдайдың ерекше рақымына ие. Яһудилердің пікірінше, Мешиханың заманында Иерусалим мен оның айналасы жұмақтың бақшаларына айналады, шөлдер орманға айналады, жануарлардың табиғаты өзгеріп, жыртқыштық табиғаты жоғалады, қасқыр мен қозы бірге жүре береді, жыланның қорегі тозаң мен топырақ болады. Мұндай сипаттағыдіни сеніммен күтулер басқа Мәхдилік танымдарда да кездеседі [2, 370 б.].

Діндердегі Мәхдилердің шығуы және діни қарекеттерін жүргізетін аймақтары

Түрлі діндердің діни мәтіндері мен халық арасындағы әпсаналарда Мәхдилердің өмір сүретін және өз қарекеттерін жүргізетін аймақтары ретінде олардың діндерінің алғаш пайда болған әрі негізгі таралу аймағы болған география айтылады. Олар «әлемде үстемдік етеді, жиһанда әділдік орнатады» делінгенімен, жер атаулары белгілі, өз діндері жайылған негізгі географиясынан тыс жерлерді қамтымайды. *Мысалы*, ежелгі Мысыр танымында Амен жоғарғы Мысырда Хнхнде туылып, Мемфисті өзінің астанасы етеді, билігін

Мысырда жүргізеді. Ал Үнділердің танымы бойынша, Калки Үндістанның Самбхала қаласында туылады және Самбхаланы бас қала етеді. Үндістанды шапқанәрі зәбір көрсеткен елдер мен халықтарға қарсы соғысады. Яһудилер болса, Иерусалимді астанаға айналдырады, ал әрекет ету алаңы Палестина мен оның айналасы болады.

Халыққа О дүниелік бақыттың дәмін таттырушы Мәхди идеалы – бейне бір мемлекеттік қайраткер, әлеуметтік реформатор, діни құқықтық ережелерді өмірлік қолданысқа енгізетін жаңашыл пайғамбар немесе әулие абыз ретінде сипатталады. Мысалы, Жаңа Гвинея халқы мен Америкалық үндістердің сенімі бойынша, бұл болашақ Құтқарушы шетелдіктерді елден қуып шығарып, ескі діни өмірді қалпына келтіретін қаһарман батыр болып саналады. Үнділердегі Калки есімді, әлсіреген дін ілімін жаңартып, қасиетті Ведалар кітабын заманға сай түсіндірмесін жасап, діни құқықты реттейтін адам бейнесіндегі Құдай ретінде таниды. Яһудилердегі Мешиха Құдысты пұтшылдардан тазартады, бытырап кеткен Исраил ұлдарын қайта жинайды, басқа дін өкілдері мен жер дүниеге үкімдерін жүргізеді, Яжүж-Мәжүж әскерлерін талқандайды, Римді алады, Көне Эфиопия, Мысыр және Арабтарды салыққа байлайды. Тауратты яһуди емес халықтарға да үйретеді, хз.Сүлеймен ғибадатханасын қалпына келтіретін және діни заңдармен үкім ететін патша болады [13, 53 б.].

Жалпы, Мәхдидің қайдан шығатыны жайлы да мұсылмандар арасында бірізділік жоқ. Пікірлер ала құла. *Мысалы*, Арабтар үшін Мәхди Мединеден шығады [24, 138-145 б б.], сосын бірер уақыт Меккеде жасырына тұрады. Оған Қағбада Хажарул-Асуад пен Ибраһим мақамы арасында биғат (қол беру) етіледі де өз қызметін осы жерден бастайды [25, 436]. Ибн Халдунның Табараниден жеткізген бір жазбасы бойынша Мәхди Құдыста (Иерусалим) тұратын болады [26, 165 б.; 27, 3 б.].

Парсылар үшін Мәхди Иранның Құм шаһарынан шығады. Ал Түрік халықтары үшін Мәхди Хорасан жақтан келеді. Кейбір риуаяттарда Мәхди Шығыс жақтан шығатыны білдірілген [15, 247 б.]. Ибн Халдун мен Құртуби хз. Мәхдиді Шығыстан, Хорасан мен Амудария тарапынан келетінін жазған [18]. Мәхдиді Бұхарадан шығады деген риуаяттар да бар [13, 53 б.; 15, 247 б.].

Мәхдиден кейінгі дәуір

Мәхдиден кейінгі дәуір жарық күннен кейінгі қараңғы түнек сияқты түсіндіріледі.

Үнділердің түсінігі бойынша, Мәхдиден соң табиғат пен адамдардың жағдайы қайтадан күрт нашарлап, материалдық ауру, рухани дерт, зұлымдық адамдар арасында індетке айналады. Заманның ақырында аспанға жеті немесе он екі күн пайда болады, қатты ыстық температура барлық адамдарды өлтіреді, өзендер мен теңіздер кеуіп, шөптер мен ағаштар өртенеді. Жаңбырдың орнына аспаннан тастар түседі, оның артынан қатты жел тұрып Самвартака алауы (әлемді өртейтін от) кеудесінде жаны бардың бәрін жоя-

ды. Мәсіхтер заманның ақырында өздерінің салтанатын Құдайға қалдырады. Осы оқиғалардан кейін қайтыс болған адамдардың қайта тірілуі және есеп беру күні болады.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Хазіреті Мәхди – бұл дүниенің соңғы дәуірінде пайда болып, жер жүзінде хақ сенім мен әділеттілік орнатады – деп сенетін құтқарушы. Мәхдидің жәрдемшілері көп болады, бірақ араб болмаса да олар бір-бірімен арабша сөйлесетін болады [13, 90 б.]. Олардың саны Бәдір соғысындағы сахабалардың санындай 313 болады. (Бәдір соғысы – һ.2/м.624 жылы мұсылмандар мен олардың қарсыластары арасында болған алғашқы шайқас. Осы кезде Мұсылмандардың саны 313 адам болатын. Екі жақтың әскері Мединеге жақын жердегі Бәдір құдықтары орналасқан аймақта кездесті) [14, 175 б.]. Кейбір мұсылмандардың түсінігі бойынша Мәхди Хз.Исамен Шамда (Дамаск, Сирия) кездеседі [26, 194 б.]; Хз.Иса Мәхдидің жәрдемшісі болып жүріп, Дәжжәлмен соғысып, оны өлтіреді, сосын қырық жыл қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болады. Яһудилер мен христиандардың исламға кіруіне себеп болады. Яжүж-Мәжүж әскерінің көзін дұға жасап, жойып жібереді [15, 175 б.]. Әлеуметтік және табиғи апаттар Мәхдидің дәуірінен кейін болады, сосын әлем өмірі апокалипсиспен аяқталады, артынан адамзат баласы ғарасат майданына айдалады, Адам атадан соңғы кісіге дейінгі адамдар есеп-қисап беруге жиналады [2, 371 б.].

Исламдағы Мәхди сенімінің қалыптасуы

Құранда жүректің хидаят түбірінен шыққан көптеген егістік пен зат есім сөздер кездесе де, Мәхди сөзі кездеспейді. Жалпы, ислам дінінде «Һәди» яғни «жолбасшылық, жол көрсету, жөн көрсету, туралыққа бастау» ұғымы Аллаға, Құран Кәрімге және Хз.Пайғамбарға қатысты, сондай-ақ «адамның тура жолға түсуі» мағынасында қолданылады [16]. Мәлик б. Әнәс, Имам Бұхари және Имам Мүслим сияқты мәшһүр хадис ғалымдарының еңбектерінде «Мәхди» жайлы риуаяттар қамтылмаған [17]. Алайда Ахмед б. Ханбал, Ибн Мәжа, Әбу Дәуіт, Тирмизи және Табарани сияқты мұхаддистердің шығармаларында кездеседі. Хз. Мұхаммед айтты делінген, баяндаушылары сенімсіз кейбір мәтіндерде айтылғандай «*тіпті қияметке бір күн қалса да, Алла ол күнді ұзартып, міндетті түрде Мәхди жібереді*» [18, 787-810 бб.]. Хз. Хасан немесе Хз. Құсейн ұрпақтарынан шығатын бұл құтқарушының есімі Алла елшісінің есімімен аттас, әкесінің аты да пайғамбар әкесінің атымен бірдей «Мұхаммед ибн Абдулла» болады. Сосын зұлымдық жайлаған жер жүзінде әділеттік орнатады. Ол 2, 5, 7, 9 немесе 40 жыл билік етеді және барлық мұсылмандарды басқарады, ал билігі аяқталған кезде қиямет қайым орнайды. Ал әс-Суюти сүнни деректерден жеткен риуаяттар саны қырықтан асатынын айтады. Иснаәшарийа Шиғасы деректерінде Имам Мәхдиге қатысты 200-ден астам риуаяттар кездеседі. Бұл риуаяттарда көбінесе 12-ші имам Мұхаммед ибн Хасан екендігі айтылады. Оны «Мәхди әл-Мунтазар» деп те атайды [19, 389-391 бб.].

Мәхди сипаттамасы Ислам дiнiндеалғаш рет Хасан ибн Сәбиттiң жырларында Мұхаммед Пайғамбарға, сосын әдiлеттi төрт Халифаға, кейiнiрек Әлиұлы Күсейнге қарата айтылған болатын. Бұл кездегi «Мәхди» ұғымының мағынасы «дұрыс жолды көрсетушi, туралыққа бастаушы жол-басшы» мағынасында қолданылған. Сондай-ақ бұл ұғым Омеяд халифаларына да қолданылған болатын-ды. Алайда, бұл сипаттаулар сөздiк мағынада, көшбасшыадамдарға Хақ жолды көрсетушi тұлға ретiнде ғана қолданылған, бағытталған-тын. «Мәхди» сөзiн «сенiм» тақырыбына айналдыру, яғни ақида алаңына сүйреу процесi Хз. Әлидiң қазасынан соң, дереу басталған көрiнедi. Тарихта болған болмағаны нақты белгiсiз Абдулла ибн Сәбә есiмдi бiреудiң iзбасарлары Хз.Әлидiң өлмегенiн және қиямет қайымнан бұрын қайта келiп, зұлымдық жайлаған әлемде әдiлеттiлiк орнатады – деген сенiмдi таратты. Алайда, Мәхди сенiмiн хз. Күсейн Кербалада шейiт болғаннан кейiн, «Ка’б әл-Ахбардың Ислам дiнiне Яһудилiктен кiргiздi»деген риуаяттардың әсерiнен шыққанын және халифтiк Хз.Әли ұрпақтарына тиесiлi құқық екенiн насихаттайтын Омеядтарға қарсы мүдделi топтардың арасында тарала бастағанында баса айту керекпiз [20, 371-374 бб.].

Әзiретi Күсейн шейiт болғаннан кейiн, Мұхтар әс-Сақафи мен Қайсанның лидерлiгiндегi Қайсанияға бағынышты топ хз. Әли ұлдарының бiрi Мұхаммед әл-Ханафия мұсылмандардың «Жалғыз құтқарушысы»деген идеяны ортаға ағты. Ол қайтыс болып, Мединедегi Жәнәт ул-Бақи қабiрстанына жерленгенiмен, оның өлмегенiн, оның Радва тауында өмiр сүрiп жатқанын, қиямет күнiнiң алдында Мәхди ретiнде оралып, әдiлеттiлiктi орнатады – деп жәмиғатқа жар салды. Осылайша, Мәхди идеясы алғаш рет Қайсания тарапынан хижри I ғасырдың екiншi жартысында (VII ғ.) ортаға шықты. Идея басқа да Шиғалық топтар тарапынан хош көрiлiп, олардың сенiм жүйесiнiң негiзгi тiрегiне айналды. Кейiннен басқа да мұсылмандар арасында тарала бастады [21, 71-72 б б.; 22, 56-77 б б.].

Шиғалар. Шиғаның Навусийя ағымының өкiлдерi де Джафар әс-Садық қайтыс болғаннан кейiн, оның өлмегенiне және ол бiр күнi Мәхди болып қайта шығатынына сендi. Мәхди түсiнiгi III. (IX ғ.) ғасырдан бастап Иснаашария шиғасы арасында да терең тамырлап, осы топты басқалардан айырған ең маңызды сенiм негiзiне айналды. Иснаашарияның сенiмi бойынша Мәхди шыққан кезде Әли Бәйттiң дұшпандарынан кек алу идеясы ғайып кезеңiнде (12-шi имамның ғайып болып қайта шығатын кезiне дейiнгi аралық) пайда болуы және де Мәхди шыққанға дейiн жақтастарына, мазұлымдарға (әдiлетсiздiк көрiп, езгiге ұшырағандар), кедейлерге және ауруларға жәрдемдесудi борыш – деп түсiнуi аса үлкен мәнге ие [23].

Омеядтар. Имам Мәхди сенiмi пайда болған алғашқы кезеңде, бұл сенiм тек қана Шиғалық сенiмдегi топтарға ғана тән болған жоқ. Омеядтар да «Суфияни» деп ат берген өздерiнiң Мәхдилерiн ойлап тауып, оған байланысты хадистердi «Алла разылығы үшiн» деп өндiруден тайынбады. Деректерде, Омеядтардың елдi өздерi ойлап тапқан «Мәхди Суфияниге» иман келтiруге

шақыру, бұл сенімді халық арасында тарату белсенділігі алғаш рет Халид ибн Язид тарапынан жүзеге асырылды делінеді [20, 372б].

Аббасилер. Омеядтардан кейін билікке келген Аббаси билеушілері де Мәхдидің өздерінен шығатынына қатысты жалған хадистер жаздырып, халықты соған ұюға шақырды. Бір жағынан, Аббасилер өздерінің Мәхди шыққанын айтып, екінші бір жағынан заман ақырда шығатын Мәхди сеніміне де иланды.

Харижилер. Мәхди сенімі Харижилер арасында да көрініс тапты, Харижиттер Али бин Мәхдиді өздерінің Мәхди деп жариялады [20, 372 б.].

Суннилер. Алғашқыда Шиғалық топтар арасында, кейін Омеядтар мен Аббасилер арасында белең алған Мәхди сенімі III (XIX) ғасырда хадистердің жинақталуы кезеңінде хадистердің дұрыстығына мұқият мән бермеген мұхаддистер Мәхди тақырыбындағы сенімсіз, жалған, ойдан шығарылған риуаяттар, кейінірек Суннилер арасында да ұнатылып қолданысқа еніп кетті. Алайда, бұл сенім ертедегі Сунниттік әдебиеттерде ешқашан қолға алынбаған. Аталмыш тақырып көбінесе Сәләф саналатын Хадисшілердің еңбектерінен орын алған. Кейінгі кезеңдерде қалыптасқан Сунниттік Кәлам әдебиеттері мен «Фитен және Мелахим» (болашақтағы әлеуметтік толқулар, азаматтық соғыс сияқты маңызды оқиғалар туралы және заманақыр белгілеріне қатысты әдебиеттерді білдіретін термин) [28, 149-153 бб.] туындыларында Мәхди таңымы туралы қысқаша баяндалады.

Орталық Азияның ежелгі Тұран және Түркістан даласы ислам өркениетіне неше мың сан ғалым ғұламаларды тарту етті. Орталық Азиядағы түркі халықтарының дені көбі мұсылман. Құқықтық (фықһ) мектеп бойынша Әбу Ханифа, сенімдік жүйе (ақида) бойынша Имам Матуриди мектебінің мираскерлері. Осы жарық жұлдыздардың ізбасарларының бірі ихсан ілімі бойынша жолбасшы, түм Түрік халықтарының қастерлеп, құрмет тұтқан тұлғасы, Темірқазығы, Пир-и Түркістан Қожа Ахмет Яссауи-дүр. Мәхди тұлғасы жайлы қазақ даласындағы дін өкілдерінің кейбіреулерінің шығармаларында кездеседі. Әрі халық арасында да бұл сенімге шын иланып сенетіндер де аз емес. Алайда Исламның негізгі һәм бірінші қайнары Құранда және Мұсылман әлемінде есімдері мәңгі мақталатын Әбу Ханифа, Имам Матуриди, Мәлик бин Әнәс, Бұхари, Муслим, Қожа Ахмет Яссауи сынды сенімді ғұламалардан бізге жеткен шығармалардың ешбірінде Мәхди тұлғасына қатысты бір де бір жерде орын берілмеуі назарымызды ерекше тартады. Түйіндей келе, Мәхди сенімі қарапайым халықтың қарапайым таңымы деуге болады. Бірақ мұның ислам дінінің негізгі сенімдеріне, ақидалық баптарға ешқандай қатысы жоқ. Ислам дінінің негізгі сенімдері: Аллаға, Періштелерге, Кітаптарға, Пайғамбарларға, Ақырет күніне (адамдардан есеп-қисап алатын күн), Тағдырға, жамандық пен жақсылықтың Алладан болатындығына, өлгеннен соң қайта тірілу хақ – деп сену. Міне, осы сенімдер Құраннан бастау алады, бұл сенімдерге (ақидалық баптарға) Ислам дінін қабылдаған һәрбір мұсылманның шүбәсіз сенуі шарт [30, 53 б.; 31, 35-98 бб.].

Қорытынды

Түркиялық теолог, профессор Юсуф Шевки Явуз, мұсылмандар арасында Мәхди сенімінің пайда болу себептері жайлы әртүрлі пікірлерді төмендегідей көрсетеді:

- Мәхди сенімі – бұл әр қоғамда резонанс тудырған бассауға механизмі. Әлеуметтік жағдай нашарлаған сайын және қуғын-сүргін күшейген кезде халық бір құтқарушыны күте бастайды, кейінірек бұл үміт діни нанымды бүркену арқылы Мәхди сенімі ретінде пайда болған.

- Мәхди сенімі – яһудейлік, христиан және манихей сияқты діндерге тән болған сенім. Ка'б әл-Ахбар мен Уәхб бин Мунәббих тарапынан Мұхаммед Пайғамбарға сілтеме жасалып риуаяттар жолымен Мұсылмандар арасында таралған. Мәсіх сөзінің араб тіліне Мәхди болып аударылған түрі мұның нақты дәлелі.

- Мәхдилік – билік үшін күресте жеңіліс тапқан немесе қазіргі өз билігін нығайтуды қалаған діни-саяси ағымдар тарапынан ортаға шыққан. Алғаш рет шектен шыққан шиғалық ағымдар (ғұлаттар), артынша байсалды (ұстамды) шиғалар, кейіннен сүнниттер тарапынан ислам дініне кіргізілген өзегі саяси болған сенім. Шиғалық танымнан әсерленген тасаууф өкілдері де Мәхди сенімін хош көрді. Осылайша кейбір сопылық тариқаттар да және исламның, Құранның рухына қайшы бұл сенімнің іргетасының қалануына, мұсылмандар арасында кеңінен етек жаюына жол ашты.

- Мәхди сенімі исламдық сипатта болғанымен, оның бекуіне жат мәдениеттер орасан ықпал еткен. Өйткені хадис жинақтарындағы кейбір риуаяттарда Мәхдидің пайда болатындығы айтылады және Мәхди термині I (VII.) ғасырдың алғашқы ширегінен бастап мұсылмандар арасында белгілі бола бастаған. Әділетті төрт халифті халықтың «Мәхди» деп атауы, кейіннен Сиффын соғысында хз. Әлиге «мәртебелі Мәхди» деп жүгінулері және де Мағауия ибн Суфиян жақтастарының хз. Османды «Мәхди» лауазымымен еске алулары осының дәлелі [20, 372 б.].

Жалпы, Мәхди сенімі конфессионалдық танымдағы білім иелеріне тән құбылыс. Ал академиялық алаңдағы ғалымдардың бұл тақырыптағы пікірлері негізінен бір арнаға тоғысады. Танымал тәпсіршілер мен заманауи ислам теологтары: «Имам Мәхди келіп, Иса Пайғамбар көктен түсіп, адамзатты тура жолға салып, Мұхаммед Пайғамбардың бітіре алмаған Пайғамбарлық қызметін аяқтайды ма? Имам Мәхдиді келтіру, Иса Пайғамбарды көктен түсіру идеясы Мұхаммед Пайғамбардың абыройына дақ түсіру. Бұл деген Пайғамбарымызды төмендету, қаралау. Хадисте Пайғамбар: «Менімен қиямет екі саусақтай жақынбыз» деген. Құранда көрсетілген жауапкершілік, Аллаға есеп беру адамның жеке басына жүктеледі. Басқа біреу келіп, Құдіретті Хақтың қаһарынан құтқарады деген сенімдер мен нанымдар исламға басқа діндер мен мәдениеттерден кірген элементтер» деген ортақ пікір бірлігінде. Мысалға, Әбу Ханифа, Имам Матуриди, Ахмет Ясауи тақырыбындағы зерттеулерімен танымал теолог, доктор, профессор, Сөнбез Кутлу: – *Иран-*

да Коронавирусқа қарсы шарасыздықтан құтылу үшін адамдар қабірлерден шипа іздеуде. Қабірлерден вирусқа қарсы ем таппаған соң, Мәхдидің келуі үшін зарлаумен дұғалар жасай бастады. Ақыл иелері үшін ескертуші ретіндегі Мәхдидің орнына Корона жеткілікті, басқа Мәхдиді күту қажет емес. Келген қиындықтар мен індеттерден гибрат алып оған қарсы шешім табатын Мәхди дегеніміз ол – адамның ақылы. Құран Кәрім қолымызда тұрып Мәхдиді күту біздің дәрменсіздігіміздің көрінісі ғана. Алла Тағала: «Ақылын қолданбаған адамдардың басынан бәлесі арылмайды /Юнус сүресі 100 аят/ деген» дейді.

Мәхди тақырыбын арнайы зерделеумен айналысқан тағы бір ғалым, профессор Екрем Сарыкчыоглу «Діндерде Мәхди түсініктері» атты ғылыми еңбегінде Мәхди жайлы: «Ақырзаманда келеді деп күтілген Мәсіх немесе Мәхди тұлғасы, Құран Кәрім бойынша келіп қойған, оның есімі Мұхаммед Пайғамбар» [13, 117 б.] дейді.

Түйіндей келе, осы зерттеу жұмысының негізінде келесідей тұжырымды ұсынуға болады:

- Мәхди тақырыбын терең зерттеген ғалымдардың еңбектерінен байқағанымыз, Мәхди ұғымы мұсылмандық алғаш пайда болған кезеңде құтқарушы мағынасында болмаған. Ислам мемлекетін басқарушы тұлғаларға қарата құрметпен айтылатын «Мәхди» ұғымы заман ішінде саясиланып, бұл терминге саяси мән үстеліп, жол көрсетуші қарапайым адамнан қателік жасамайтын фантастикалық сипаттағы «құтқарушы» тұлғаға айналғанын көруге болады.

- «Мәхди сенімі» немесе «бір құтқарушы шығады» деген сенім көріп тұрғанымыздай тамыры исламнан шықпаған. Өзінің қайнар-бастауын исламнан бұрынғы сан түрлі сенімдерден алатын бұл сенім мұсылмандық үшін импорт құндылық.

- Мәхди сенімін «діни мазмұнға оранған саяси құрал» деп тұжырымдауға негіз бар. «Ақыр заманда келіп, әлемде әділеттілік орнатады» деп Мәхдиге илану немесе «бір құтқарушы шығады» деп оны иманның асыл шартындай қабылдау, Құран аяттарының мәніне қайшы екенін көруге болады. Себебі, аталмыш сенім исламның негізгі сенім шарттарынан орын алмаған. Ислам сенімінің бірінші және негізгі қайнар көзі – Құран Кәрімде де бұл ұғым мүлдем жоқ. Қасиетті Құранда пенденің Жаратушысы алдындағы жауапкершілігі кісінің жеке басына ғана тән екендігі, әркім өзінің жеке басы үшін ғана сұралатыны, біреу үшін біреуден жауап алынбайтыны туралы (қараңыз: 2 сүре 123 аят, 53 сүре, 38 аят) аяттарда нақты айтылады. Ақидадағы жолбасшы Имам Матуридиден жеткен «Таухид» кітабы мен 17 томдық «Тәуилат ул-Құран» еңбегінде, Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет», «Пақырнама», «Тариқат әдебі», «Қырық мақам» сынды шығармаларында бір құтқарушының келіп, барлық мұсылмандарды тура жолға салып, әлемдік әділдікті қамтамасыз ететіні жайлы еш айтылмаған.

Әдебиеттер тизімі

- 1 Avni İlhan. Mehdilik. İzmir: – Akyaу Kaynak Yayınları, 1976. – 180 s.
- 2 Sarıkçoğlu Ekrem. Mehdi: İslam Ansiklopedisi. – Ankara: Belleten, 2003. – 371s.
- 3 Ethem Ruhi Fığlalı. Günümüz İslam Mezhepleri. – İzmir: İlahiyat vakfi yayınları, 2014. – 266 s.
- 4 Guariglia Geyst. Prophetismusund Heilserwartungs Bewegungen bei den Naturwölkern Amerikas, Ozeaniens, Australiens und Afrikas, mit einem Anhang über Asien. Wien, 1957. – P.32.
- 5 Güstav Mensching. Soziologie der Grossen Religionen. – Bonn, 1966. – 239 p.
6. Lanchkovsky Georg. Religionen der Azteken im Buch “Religionen der Menschheit” von F. Heiler. – Stuttgart, 1959. – 199 p.
7. Dürr Leo. Entstehung und Entwicklung israelitisch-jüdischer Heilserwartung. – Berlin, 1925. – 129 p.
8. Abegg Erik. Christentum in Indien und Iran. – Leipzig-Berlin, 1928. – 257 p.
9. Tekin Şahin. Maytrısimit, Burkancılığın Mehdisi Maitreya ile Buluşma. – Ankara, 1976. – 192 s.
10. Hinz Willem. Zarathustra. – Stuttgart, 1961. – 267 p.
11. Asım Ahmed. Kamus tercümesi 1. – İstanbul, 1989. – 520 p.
12. Jeremiah Austin. Warten auf einen außerbiblischen Erlöser. – Leipzig, 1927. – 273 p.
13. Sarıkçoğlu Ekrem. Dinlerde Mehdi Tasavvurları. – Samsun, 1997. – 256 s.
14. Erdoğan Naim. Kıyamet Alametleri. – İstanbul, 1973. – 205 s.
15. Bican Ahmed. Envaru't-Aşikin. – İstanbul, 1989. – 277 s.
16. Abdülbâkî M. Fuad. el-Mu'cemü'l-müfehres li-elfâzi'l-Ḳur'âni'l-Kerîm, “hdy” md. – İstanbul, 1982. – 98 s.
17. Buhari ve Muslim'in Mehdi hakkındaki hadisleri almamalarının hikmeti nedir? // [Электронды ресурс] URL: <https://sorularlaislamiyet.com/buhari-ve-muslimin-mehdi-hakkındaki-hadisleri-almamalarinin-hikmeti-nedir>
- 18 İbn Haldun. Mukaddime, terc. Kadiri Urhan. – Ankara, 1997, cilt 2. – S.787-810.
- 19 İsmail Hakkı. Mehdi Meselesi // SR, No. 285. – İzmir, 1329. – S. 389-391.
- 20 Yusuf Yavuz Şevki. Mehdi, İslam İnancında Mehdi: İslam Ansiklopedisi, Cilt 28. – Ankara, 2003. – S.371.
- 21 Бәдәуи Абдурахман. Мәзәхибуль-Исламийин, Т. 2. – Бейрут, 1973. – 382 с.
- 22 Әли Сами ан-Нешшар. Нешъету'л-Фикри'л-Фелсефи фил-Ислам, Т. 2. – Каир, 1977. – 231 с.
- 23 Ebü'l-Hasanel-Eş'arî. Maḳâlätü'l-İslâmiyyûn ve ihtilâfü'l-muşallîn (nşr. H. Ritter). – Wiesbaden, 1382/1963. – 374 p.
- 24 Хусейн Атван. әд-Даветул-Аббасийе. – Бейрут, 1984. – 195 p.
- 25 Tirmizî. Fiten: 43, 79.// [Электронды ресурс] URL: <http://www.islamilimleri.com/Ktphn/Kitablar/05/003/Turkce/Kitab.htm>
- 26 Ibn Khaldun. Muqaddimah. Vol. II. – New York, 1958. – 465 p.
- 27 Es-Suyûfî. el-Urfu'l-Vârid fî Ahbâri-Mehdî. Konya Yusuf Ağa Kitaplığı: Yazma Nr. 312. 1958. – 374 s.
- 28 İliyas Çelebi. Fiten ve Melâhim. /TDV İslâm Ansiklopedisi, 13. с., İstanbul: TDV yay., 1996. – S. 149-153.
- 29 Sever Gunus. Mustafa Hakîm Süleymân Ata (Ahmed Yesevî'nin III. Halifesi). – Ankara, 2017. – S. 320-323.
- 30 Musrafa Öz. İmam Azam'ın Beş Eseri, Fikhü'l-Ekber. – İstanbul: MÜİFVY, 2019. – 536 s.
- 31 Karadaş Çağfer. Ehl-i Sünnet akaidi. – Ankara: Otto, 2017. – 398 s.

Transliteration

- 1 Avni İlhan. Mehdilik [The Mahdi]. – İzmir: Akyay Kaynak Yayınları, 1976. – 180 s.
- 2 Sarıkçioğlu Ekrem. Mehdî: İslam Ansiklopedisi [The Mahdi: The Encyclopedia of Islam]. – Ankara: Belleten, 2003. – 371 s.
- 3 Ethem Ruhi Fırlalı. Günümüz İslam Mezhepleri [The Islamic Sects of Our Day]. – İzmir: İlahiyat vakfı yayınları, 2014. – 266 s.
- 4 Guariglia Geyst. Prophetismus und Heilserwartungs Bewegungen bei den Naturwölkern Amerikas, Ozeaniens, Australiens und Afrikas, mit einem Anhang über Asien [Prophetism and Salvation Expectation Movements Among the Natural Peoples of America, Oceania, Australia and Africa, With an Appendix About Asia]. – Wien, 1957. – P. 32.
- 5 Güstav Mensching. Soziologie der Grossen Religionen [Sociology of the Great Religions]. – Bonn, 1966. – 239 p.
- 6 Lanchkovsky Georg. Religionen der Azteken im Buch “Religionen der Menschheit” von F. Heiler [Religions of the Aztecs in the book ”Religions of Mankind” by F. Heiler]. – Stuttgart, 1959. – 199 p.
- 7 Dürr Leo. Entstehung und Entwicklung israelitisch-jüdischer Heilserwartung [Emergence and Development of Israelite-Jewish Expectation of Salvation]. – Berlin, 1925. – 129 p.
- 8 Abegg Erik. Christentum in Indien und Iran [Christianity in India and Iran]. Leipzig-Berlin, 1928. – 257 p.
- 9 Tekin Şahin. Maytrısimit, Burkancılığın Mehdisi Maitreya ile Buluşma [Maytrisimit, Meeting with Maitreya, the Mahdi of Burqanism]. – Ankara, 1976. – 192 s.
- 10 Hinz Willem. Zarathustra. – Stuttgart, 1961. – 267 p.
- 11 Asım Ahmed. Kamus tercümesi 1 [Public Translation 1]. – İstanbul, 1989. – 520 s.
- 12 Jeremiah Austin. Warten auf einen außerbiblischen Erlöser [Waiting for an Extra-biblical Savior]. – Leipzig, 1927. – 273 p.
- 13 Sarıkçioğlu Ekrem. Dinlerde Mehdi Tasavvurları [Visions of the Mahdi in Religions]. – Samsun, 1997. – 256 s.
- 14 Erdoğan Naim. Kıyamet Alametleri [Doomsday Omens]. – İstanbul, 1973. – 205 s.
- 15 Bican Ahmed. Envaru't-Aşikin [Envaru't-Ashikin]. – İstanbul, 1989. – 277 s.
- 16 Abdülbâkî M. Fuad. el-Mu'cemü'l-müfehres li-elfâzi'l-Ḳur'âni'l-Kerîm, “hdy” md [al-Mujam al-mufahres li-alf al-Kurani al-Karim]. – İstanbul, 1982. – 98 s.
- 17 Buhari ve Muslim'in Mehdi hakkındaki hadisleri almamalarının hikmeti nedir? [What is the wisdom of Bukhari and Muslims Not Receiving the Hadiths About the Mahdi?] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://sorularlaislamiyet.com/buhari-ve-muslimin-mehdi-hakkındaki-hadisleri-almamalarinin-hikmeti-nedir>
- 18 İbn Haldun. Mukaddime [Muqaddime], terc. Kadiri Urhan. – Ankara, 1997, cilt 2, s.787-810.
- 19 İsmail Hakkı. Mehdi Meselesi [The Mahdi Issue] // SR, No. 285. – İzmir, 1329. – S. 389-391.
- 20 Yusuf Yavuz Şevki. Mehdi, İslam İnançında Mehdi: İslam Ansiklopedisi [The Mahdi, the Mahdi in the Islamic Faith: The Encyclopedia of Islam], Cilt 28. – Ankara, 2003. – S. 371.
- 21 Bədəui Abdurrahman. Məzəhibul'İslamijin [Məzəhibul'İslamiyyət]. T. 2. – Bejrut, 1973. – 382 c.
- 22 Əli Sami an-Neshshar. Neshetu'l-Fikri'l-Felsefi fil-Islam [Nash etu'l-Fikri'l-Philosophical-Islam]. T. 2. – Kair, 1977. – 231 c.
- 23 Ebü'l-Hasanel-Eş'arî. Maḳālâtü'l-İslâmiyyîn ve ihṭilâfû'l-muşallîn (nşr. H. Ritter) [Maqlatu'l-Islamiyyin and Itilaful-Muşallin]. – Wiesbaden, 1382/1963. – 374 p.
- 24 Husejn Atvan. Maqlatu'l-Islamiyyin and itilaful-muşallin [Maklatu'l-İslamiyyin ve Itilafül-Muallimin]. – Bejrut, 1984. – 195 p.
- 25 Tirmizî. Fiten: 43, 79 [Uygun: 43, 79].// [Jelektrondy resurs] URL: <http://www.islamilimleri.com/Ktphn/Kitablar/05/003/Turkce/Kitab.htm>

26 Ibn Khaldun. Muqaddimah [Mukaddime]. Vol. II. – New York, 1958. – 465 p.

27 Es-Suyûti.el-Urfu'l-Vârid fi Ahbâri-Mehdî [al-Urfu'l-Warid fi Ahbari-Mahdi].Konya Yusuf Ağa Kitaplığı: Yazma Nr. 312. 1958. – 374 s.

28 İliyas Çelebi.Fiten ve Melâhim [Fiten and Melahim]. /TDV İslâm Ansiklopedisi, 13. c. – İstanbul: TDV yay., 1996. – S. 149-153.

29 Sever Gunus. Mustafa Hakîm Süleymân Ata (Ahmed Yesevî'nin III. Halifesi) [Mustafa Hakim Suleyman Ata (Ahmed Yesevi's III. The Caliph)]. – Ankara, 2017. – S. 320-323.

30 Musrafa Öz. İmam Azam'ın Beş Eseri, Fikhü'l-Ekber [The Five Works of Imam Azam, Fiqh al-Akbar]. – İstanbul: MÜİFVY, 2019. – 536 s.

31 Karadaş Çağfer.Ehl-i Sünnet akaidi. – Ankara: Otto, 2017. – 398 s.

**Камалова Ф.Б., Байтенова Н.Ж., Сайфунов Б.Н.
Феномен Махди**

Аннотация. В данной статье рассматривается феномен Махди, который во все времена вызывал бурный резонанс в обществе. Вера в Мессию и Махди как в спасителя, который установит справедливость в мире в конце времен, есть не только в исламской культуре, но эта вера занимает особое место во многих других религиях, особенно в иудаизме и в христианстве. Так как культуры мира в целом не имеют своих чистых характеристик, то естественное явление, что религии мира тоже иногда развивается под влиянием верований других религий во время своего существования. Что мы можем из этого понять, так это то, что исторический опыт показывает, что любые ценности будь то религиозные или культурные как только возникает духовный вакуум в обществе оно заполняются импортными продуктами, если не заполняется изначальными ценностями родного пространства. В статье представлен религиоведческий анализ причин возникновения концепции Махди, который якобы спасает человечество от несправедливости и безбожия в будущем, как результат религиозной веры в исторические времена. Эта вера берет свое начало из многочисленных доисламских верований и для мусульман является импортной ценностью. Данная вера анализируется методом сравнительного анализа на основе первоисточника ислама. В статье вера в Махди формулируется как политический инструмент, замаскированный под религию.

Ключевые слова: Махди, Мессия, спаситель, конец света, основы исламской веры.

**Kamalova F., Baitenova N., Saifunov B.
The Mahdi Phenomenon**

Abstract. This article discusses the phenomenon of Mahdi, which at all times caused a stormy resonance in society. Belief in the Messiah and the Mahdi as a savior who will establish justice in the world at the end of time is not only in Islamic culture, but this belief has a special place in many other religions, especially in Judaism and Christianity. Since the cultures of the world as a whole do not have their own pure characteristics, it is a natural phenomenon that the religions of the world also sometimes develop under the influence of the beliefs of other religions during their existence. What we can understand from this is that historical experience shows that any values, whether religious or cultural, as soon as there is a spiritual vacuum in society, it is filled with imported products, if not filled with the original values of the native space. The article presents a religious analysis of the reasons for the emergence of the Mahdi concept, which supposedly saves humanity from injustice and godlessness in the future, as a result of religious faith in historical times. This faith originates from numerous pre-Islamic beliefs and is an import value for Muslims. This faith is analyzed by the method of comparative analysis based on the primary source of Islam. In the article, faith in Mahdi is formulated as a political instrument disguised as religion.

Key words: Mahdi, Messiah, savior, doomsday, bases of Islamic faith.